



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2013 ж. 10 науан

№ 728

«Қыран» зияткерлік дебат
клубының ережесін бекіту
туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) Жарғысының 37- тармағы 6)-тармашасына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Қыран» зияткерлік дебат клубының ережесін бекітілсін;
2. «Қыран» зияткерлік дебат клубының жұмысын ұйымдастыру мен іске асыруды Басқару институтының директоры З.С.Гаиповқа жүктелсін;
3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі Вице-ректор М.Б.Қадыроваға жүктелсін;
4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ректор



Әбіл Е.Қ.

ҚР Президентінің жаңындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
ректорының 2023 жылғы
«do» қазандағы №10 бұйрығына
қосымша

«Қыран» зияткерлік дебат клубының ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дебат клубы (бұдан әрі — Клуб) Академия тындаушыларының еркіті бірлестігі болып табылады.

2. Дебат – көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, логиканы, сынни тұрғыдан ойлауды және көшбасшылық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ ақпаратты жедел және тиімді өндіреуде дағдыларын дамытуға бағытталған интеллектуалды ойын.

3. Клуб қызметі ашықтық, жариялыштық, әрбір мүшениң пікірімен санасу, мәселелерді еркін талқылау, алқалы шешім қабылдау қағидаттарына негізделген.

4. Клуб өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Зандарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Клуб қызметінің негізгі мақсаттары мен бағыты

5. Клуб қызметінің негізгі мақсаттары болып:
тындаушылардың логикалық және сынни тұрғыдан ойлауды дамыту;
тындаушылардың көпшілік алдында сөйлеу қабілеттерін дамыту;
тындаушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту;
тындаушылардың ой-өрісін дамыту;
шығармашылық кәсіби тұлғаның еркін дамуы, даралығы, клуб мүшелерінің өз көзқарасын қорғай алуы, басқаларды сендіре алуы, сонымен катар өз қателіктерін мойындай білуі;
ойынды дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу және іске асыру;
клуб мүшелігін үнемі жаңартып отыру.

6. Қызмет бағыттары осы Ережеде және жұмыс жоспарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қалыптастырылады;

7. Дебат клубы мүшелерінің қосымша білім алуы және өзін-өзі тәрбиелеуді;

8. эмпатия, төзімділік, қарсыластарды құрметтеу, басқаларды тындау және тындана білу, өз бетінше және ұжымдық шешім қабылдау қабілетін дамыту;

9. психологиялық тұрақтылықты, өзіне деген сенімділікті, өзін-өзі оң бағалауды дамыту

10. кез келген мәселенің оң және теріс жактарын көре білу, стратегиялық ойлау, жағдайды талдау қабілеттерін дамыту;

11. дебаттарды, тренинг сабактарын, тренингтік ойындарды ұйымдастыру және өткізу.

3. Клуб мүшелігі

12. Клубтың мүшесі магистрант, докторант немесе МБА түлегі болуы мүмкін;

13. Дебат клубының мүшелері пікірсайыс ойындарына, турнирлерге және форумдарға қатысу үшін командаларға біріге алады;

4. Клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

14. Дебат клубы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Ережеде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге негізделеді.

15. Клуб мүшелері құқылы:

Клубтың кез келген іс-шараларына қатысу;

патриотизмді, толеранттылық пен көшбасшылық касиеттерді дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау және дамыту;

Дебат клубының қызметі бойынша ұсыныстар енгізу, оларды талқылау мен жүзеге асыруға қатысу;

Дебат клубының қызметі туралы ақпарат алу;

өз қалауыңыз бойынша Дебат клубының мүшелігінен еркін шығу;

дауыс құқығы бар Клуб мүшелерінің жалпы жиналыстарына қатысу.

16. Клуб мүшелері міндетті:

осы Ережені және Клуб пен оның мүшелерінің қызметін реттейтін басқа ережелерді сактауга;

басқа клуб мүшелеріне құрметпен қарау;

Дебат клубының жұмысына, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуғе белсенді қатысу;

осы Ереженің талаптарын және қабылданған міндеттемелерді сактауға;

осы Ережені, достық қарым-қатынас этикасын бұзатын әрекеттерді, сондай-ақ Дебат клубына моральдық немесе материалдық залал келтіретін әрекеттерді жасамауға, Дебат клубының мақсаттары мен міндеттеріне қайши келетін әрекеттерді жасамауға.

5. Клубтың форматы және басқару органдары

17. Дебат келесі форматтарда өтеді:

Британдық Парламенттік формат;
Американдық Парламенттік формат;
Карл Поппер;
Линкольн-Дуглас.

18. Дебат клубының қызметін оның координаторлары үйимдастырады. Дебат клубының координаторлары – Басқару институтының оқытушылары.

6. Қорытынды ережелер

19. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.
20. Осы Ережеге өзгерістер Клуб координаторларының бастамасымен енгізіледі.